



## Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №1076151/2025/1

12.05.2025 жылғы

АҚ "Волковгеология", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Директор Жумабаев Гафур Амиртаевич негізінде әрекет ететін Сенімхат 05-13/049-23. 31 тамыз 2023 ж., атынан, бір жағынан, және Товарищество с ограниченной ответственностью "KB Service" бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Бастық КУВАНДЫКОВ МЕРГЕН КУВАНДЫКОВИЧ негізінде әрекет ететін 19.01.2023 жылғы №1 Жарғы, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1076151 негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқ;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді.

### 1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Өнім берушінің тауарды кез келген белгілері бойынша ұқсас тауарға ауыстыруына жол берілмейді

1.3. Өнім беруші тауардың меншік иесі болып табылады және үшінші тұлғалардың тауарға ауыртпалықтары мен құқықтарының болмауына кепілдік береді.

1.4. Тауар жаңа болуы керек, ақаулары болмауы керек және шарт талаптарына сәйкес келуі керек.

### 2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 925795.00 (тоғыз жүз жиырма бес мың жеті жүз тоқсан бес) Теңге ҚҚС-сыз құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдап алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.4.2. Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген және өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес және осындай күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмей жазып берілген шот-фактуралар;

2.4.3. Тауарды босатуға арналған жүкқұжат

2.4.4. Саны мен сапасы бойынша қабылдау-беру актісі - № 3 қосымшаға сәйкес ресімделетін тауарларды қабылдау-беру актісі осы Шартқа.

2.4.5. Тауарларды қабылдау-берудің электрондық актісі - "Самұрық-Қазына"сатып алу порталында жазылған тауарларды қабылдау-беру актісі.

2.4.6. Тауар-көлік жүкқұжаты

2.5. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

2.6. Тапсырыс беруші төлемнің уақтылы болмауына байланысты кешіктірілгені үшін, сондай-ақ өнім беруші төлем үшін қажетті дұрыс толтырылмаған/ресімделмеген Шығыс жүкқұжаттарын, шот-фактураларды және өзге де құжаттарды ұсынған жағдайда жауапты болмайды.





2.7. Шот-фактура өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес (ҚР Салық заңнамасына сәйкес) және айналым жасалған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмей жазып беріледі.

2.8. Төлем күні төлеуші Банктің төлемді орындауға қабылдағаны туралы белгі қойылған күні болып есептеледі.

2.9. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер осы Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

2.10. Өнім беруші осы Шартта Тапсырыс берушіге Тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған кез келген шарттар бойынша өнім берушіге тиесілі ақшаның кез келген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын, оның ішінде өнім берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін залалдарды өтеу сомасын толық көлемде ұстап қалу құқығын береді, Тапсырыс берушінің уәкілетті мемлекеттік органдары мен контрагенттері өзі жасаған кез келген шарттар бойынша. Ұстап қалу үшін: шарттық міндеттемелердің орындалмағанын/тиісінше орындалмағанын; тауарды жеткізу мерзімдерінің бұзылғанын; айыппұлдарды, өсімпұлдарды және өзге де тұрақсыздық айыбын есептеуді, сондай-ақ шығындарды, оның ішінде нақты залалды және Тапсырыс берушінің жіберіп алған пайдасын растайтын құжаттар негіз болып табылады.

2.11. Егер Өнім беруші жеткізген және Тапсырыс беруші қабылдаған тауардың жалпы құны Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген шарттың жалпы сомасына жетпесе, өнім беруші Тапсырыс берушіден тауардың қалған көлемін және тиісінше ол үшін төлемді таңдауды (сатып алуды) талап етуге құқығы жоқ.

2.12. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.13. Осы Шарт бойынша тауар үшін төлем тауардың тиісті партиясын теңгемен жеткізу фактісі бойынша осы Шарттың 18-бөлімінде көрсетілген деректемелер бойынша өнім берушінің банктік шотына ақша аудару жолымен, Тапсырыс берушіде тауарды жеткізудің сапасына, жиынтықтылығына, саны мен мерзіміне талап болмаған жағдайда, өнім беруші шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін жүзеге асырылады.

### **3. Жеткізу мерзімі және шарттары**

3.1. Тауарды өнім беруші шартқа № 1 қосымшаға сәйкес Тапсырыс берушіден өнім берушіге өтінім берген сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде DDP (Инкотермс) шарттарында партиялармен жеткізеді.

3.2. Тауар Тапсырыс берушіге Қабылдау-беру актісіне (актілеріне) сәйкес саны мен сапасы бойынша және Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес беріледі. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелі Өнім беруші заң актілеріне немесе Шартқа сәйкес Тауарды Тапсырыс берушіге беру жөніндегі өз міндетін орындаған болып есептелетін кезден бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

3.3. Тауармен бірге өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарттың 4.1.2 және 4.1.8-тармақтарында көрсетілген құжаттарды беруге міндетті.

3.4. Тауардың меншік құқығы мен кездейсоқ жойылу қаупі тауарды жеткізуші тауарды жеткізген күннен бастап Тапсырыс берушіге екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған тауарды қабылдау-беру актісі және тауарды босатуға арналған жүкқұжат негізінде ауысады. Осы Шарттың 3.4-тармағын ескере отырып, Тауарды қабылдау-беру актісіне және тауарды босатуға арналған жүкқұжатқа екі Тараптың уәкілетті өкілдерінің қол қойған күні тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

3.5. Тауар Тапсырыс берушіге оны тапсырыс берушінің қоймасына берген және өнім беруші Шарттың 3.2-тармақшаларын дереу орындаған сәттен бастап жеткізілген болып есептеледі. Өнім берушінің Шарттың көрсетілген тармақшасында көзделген міндеттерді орындамауы Тапсырыс берушінің шарттың 4.4-тармағының 4.4.2-тармақшасына сәйкес тауарды қабылдаудан бас тартуына әкеп соғады.

3.6. Тауарды саны, сапасы және толықтығы бойынша қабылдау "Волковгеология" АҚ Басқарма Төрағасының 18.08.2022 жылғы бұйрығымен бекітілген "Волковгеология" акционерлік қоғамындағы ("Волковгеология" АҚ) тауар материалдық құндылықтарды саны, сапасы және толықтығы бойынша қабылдау тәртібі туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес жүргізіледі. Нұсқаулықтың мәтіні Тапсырыс берушінің веб-сайтында орналасқан <http://www.vg.kz/gov-purchases/>. жеткізуші нұсқаулықпен танысқанын растайды. Жеткізуші Нұсқаулықты басшылыққа алуға келіседі және нұсқаулықты өзі үшін міндетті құжат ретінде таниды.

### **4. Тараптардың құқықтары және міндеттері**

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін Тауарға құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі.

4.1.2.2. Электрондық шот-фактура (ЭШФ)

4.1.2.3. Самұрық-Қазына Электрондық сатып алу арқылы қабылдау-берудің электрондық актісі

4.1.2.4. Қағаз жеткізгіштегі қабылдау-тапсыру актісі (тапсырыс берушінің нысаны бойынша) №3 қосымша





4.1.2.5. Тауарды босатуға арналған жүкқұжаттың түпнұсқасы-2 дана.

4.1.2.6. Осы Шартта көзделген, тауарға қатысты және оның толықтығын, қауіпсіздігін, сапасын, пайдалану тәртібін, кепілдік міндеттемелерін (кепілдік талонын) және т.б. куәландыратын барлық құжаттар – 1 данадан, Тапсырыс берушіге қажетті өзге де құжаттар.

4.1.2.7. шарттың 6-бөлімінде көзделген өзге де құжаттар.

4.1.2.8. Тауар-көлік жүкқұжаты

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін беруін талап етуге;

4.1.4. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді;

4.1.5. Тауардағы елішілік құндылық үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Елішілік құндылық үлесі бойынша дұрыс емес ақпарат берілген жағдайда өнім беруші тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.6. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 5.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде енгізілсін, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін өнім берушінің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Өнім беруші осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі.

Егер Өнім беруші Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.7. Тапсырыс берушіге осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде контрагенттің толтырылған сауалнамасын (осы Шартқа № 6 қосымша) ұсыну.

4.1.8. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау үшін қажетті шарттың ережелерінде, іскерлік айналым әдет-ғұрыптарында және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген және туындайтын өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

#### 4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шарт бұзуға;

4.2.4. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.5. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқығы бар.

#### 4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.3.4. Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге төлеген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді қайтару.

4.3.5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға.

#### 4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.





## 5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

- 5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.
- 5.2. Тапсырыс берушіде тауарларды көзбен шолып қарау кезінде, сондай-ақ жеткізілетін тауарларға кіріс бақылауын жүргізу кезінде анықталуы мүмкін тауарлардың сапасына ескертулер болған кезде тауарларды қабылдау-беру актісіне Тапсырыс беруші қол қоймайды, ал кіріс бақылауынан өтпеген сапасыз тауарлар Шартқа сәйкес келетін тауарларға ауыстыру үшін Өнім берушіге қайтарылады. Сонымен қатар, өнім жеткізуші сатып алынатын тауарлардың ең жақсы сипаттамаларын ұсынған кезде тауар эталонының үлгісіне сәйкес келмейтін жағдайларды қоспағанда, сапасы бойынша тауар эталонының үлгісіне сәйкес келуі керек.
- 5.3. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.
- 5.4. Тапсырыс беруші Өнім берушіден сатып алу туралы Шарттың талаптарында көзделген тауардың жеткізілгенін растайтын құжатты (құжаттарды) алған күннен бастап 10(он) жұмыс күнінен кешіктірмей шарт бойынша қажетті ақпаратты толтырады және ескертулер болмаған жағдайда тауарларды қабылдау-беру актісіне қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарларды қабылдаудан бас тартады. Бұл ретте тауардың жеткізілгенін растайтын құжатты(ларды) өнім беруші Тапсырыс берушіге электрондық құжат түріндегі сатып алу веб-порталы арқылы жібереді.
- 5.5. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын ақаулар бойынша (жасырын ақаулар) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Өнім беруші 5 (бес)жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Өнім беруші мойындаған болып саналады және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 10 (он) хабарлама алған сәттен бастап жұмыс күндері ішінде Тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді.
- 5.6. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауар Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жатады.

## 6. Кепілдіктер және Сапа

- 6.1. Жеткізуші жеткізілетін тауарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген тауардың жаңа, үшінші тұлғалардың кез келген құқықтарынан бос екендігіне және нормативтік құжаттардың (ГОСТ, ҚР СТ, ОСТ, ТУ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына сәйкес келетіндігіне және оны қалыпты сақтау және пайдалану кезінде ақаулары болмайтындығына кепілдік береді.
- 6.2. Поставщик исполняет гарантийное обязательство по качеству поставки Товара и осуществления поставки в соответствии с эталонным образцом, подтвержденным со стороны Заказчика по качеству и характеристикам Товара. Поставщик гарантирует, что Товар, поставляемый в рамках исполнения настоящего Договора, соответствует образцу Товара, прошедшего оценку на соответствие требованиям Технической спецификации (приложение № 2 к Договору).
- 6.3. Өнім беруші жеткізілген Тауарға Қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді. Бұл ретте тауарлар кепілдік мерзімі ішінде барлық нормативтік талаптарға сай болуы тиіс.
- 6.4. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақаулы тауарды жаңасына өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші өз мойнына алады.
- 6.5. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.
- 6.6. Жеткізуші мыналарға кепілдік береді:
- 6.6.1. Өнім берушінің барлық рұқсат беру құжаттары, сондай-ақ лицензиялары және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті құжаттары болады.
- 6.6.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша шарттың орындалуына байланысты ақпарат пен құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

- 7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:
- 7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Тауарлардағы елішілік құндылықтың үлесін есептемеген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;





- 7.2.2. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасы 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;
- 7.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының (не орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының) 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.
- 7.2.4. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған қабылдау-беру актісі(лері) ұсынылмаған жағдайда өнім беруші оларды Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Мерзімі өткен жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды.
- 7.2.5. Өнім беруші тауарды жеткізу мерзімін күнтізбелік 10 (он) күннен артық кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты шарт бойынша міндеттемелер сомасының 10% мөлшерінде айыппұл қолдана отырып және міндеттемелердің орындалмаған көлемін жоя отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
- 7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.
- 7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:
- 7.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасы 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.
- 7.4.2. Жеткізуші ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.
- 7.4.3. Өнім беруші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасы 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.
- 7.4.4. Тапсырыс беруші тауарды қабылдауды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідіріс сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының (не орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының) 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.
- 7.4.5. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасы 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.
- 7.4.6. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Тауарды жеткізу үшін Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар.
- 7.4.7. Осы Шарттың талаптарына сәйкес контрагенттің сауалнамасы уақтылы ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден осы Шарт сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.
- 7.4.8. Тапсырыс берушінің осы Шарттың 2-бөлімінде көзделген негізгі міндеттемесі толық орындалған жағдайда өнім беруші шарт бұзылғаннан кейін, сондай-ақ Шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін тұрақсыздық айыбын есептеу құқығынан бас тартады.
- 7.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан Өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы.
- 7.6. Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тауарды Тапсырыс беруші алдын ала төлеген төлемнен аз сомаға нақты жеткізу кезінде Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.
- 7.7. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.
- 7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.
- 7.9. Уақтылы жеткізбегені не тауарды жеткізуден бас тартқаны үшін шарттың талаптарына сәйкес жеткізілетін тауарды өндірушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері шарт сомасының 10% - % аспауға тиіс.
- 7.10. Осы Шартта белгіленген мерзімдерде контрагенттің сауалнамасы ұсынылмаған жағдайда (Шартқа №4 қосымша) тапсырыс беруші Өнім берушіден шарттың жалпы сомасының 1% мөлшерінде тиісті хабарлама жіберу жолымен айыппұл төлеуді талап етуге құқылы, онда





да тапсырыс берушінің хабарламасын алған сәттен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде контрагенттің сауалнамасын ұсыну туралы талап көрсетіледі. Егер Өнім беруші хабарламада белгіленген мерзімде контрагенттің сауалнамасын ұсынбаған болса, сондай-ақ өнім беруші контрагенттің сауалнамасында дұрыс емес ақпарат бергені анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен бұзуға, өнім берушіге болжамды бұзу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлама жіберуге құқылы. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шартты бұзудың күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шартты бұзған кезде Өнім беруші шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана шартты бұзған күні төлеуді талап етуге құқылы.

7.11. Өнім беруші тауарды жеткізу мерзімдерін күнтізбелік 10 (он) күннен артық кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты шарт бойынша міндеттемелер сомасының 10% мөлшерінде айыппұл қолдана отырып және міндеттемелердің орындалмаған көлемін жоя отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

7.12. Өнім беруші тауарды жеткізу мерзімдерін күнтізбелік 10 (он) күннен артық кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты шарт бойынша міндеттемелер сомасының 10% мөлшерінде айыппұл қолдана отырып және міндеттемелердің орындалмаған көлемін жоя отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

### **8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі**

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушінің таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ Тәртіпте айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.3. Тауарларды алуға негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. Шарт тараптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

8.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіге Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарттың талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген шығындар мен шығындарды, сондай-ақ ұсынылған өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні ескертілуге тиіс.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Өнім беруші Шартты орындауға байланысты Шартты бұзған күнгі нақты шығындар үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқылы.

Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде Шарт бойынша міндеттемелерді Мердігер бұзған жағдайларға алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер қолданылмайды.

### **9. Хабарламалар**

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі болуға тиіс.





9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен түпнұсқасын беру арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы алуды растаусыз) тапсыру уақытында жеткізілген деп есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хат арқылы жіберілген ескерту пошталық жеткізуді растайтын пошталық бөлімнің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

## 10. Шарттың мерзімі

10.1. Шарт оған екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін, өнім берушінің кепілдік міндеттемелерін орындау бөлігінде – кепілдік мерзімі аяқталғанға дейін, ал өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

## 11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «форс-мажорлық жағдайлар» Тараптардың еркінен тыс және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемиялар, карантиндер, эмбарго және басқалары сияқты әрекеттер кіруі мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Форс-мажорлық жағдай туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың күтілетін ұзақтығы туралы жазбаша (хабарлама) хабарлауға, сонымен қатар осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

## 12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда бола алатын барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез-келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

## 13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде заңсыз артықшылықтарға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

13.5. Тарап жазбаша хабарламада контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу





жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Тараптар Шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

#### 14. Сәйкестік-жеткізушіні тексеру

14.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Шарттың 13-бөліміне сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіге комплаенс-тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

14.2. Комплаенс-тексеру жүргізу барысында Тапсырыс беруші Өнім берушіні сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды және терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, қандай да бір заңсыз қызметке қатысуын, өнім берушінің, оның акционерлерінің / құрылтайшыларының болуын қоса алғанда, ынтымақтастықтан / теріс ақпараттан/өзге де мәліметтерден бас тарту үшін ресми расталған негіздердің бар-жоғын тексереді/ынтымақтастыққа және/немесе мынадай тізілімдерде болуға тыйым салатын халықаралық санкцияларға ұшыраған адамдардың тізіміндегі қатысушылар, басшылар: - - банкроттар; - Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар; - "Самұрық-Қазына" АҚ порталы сатып алуларының сенімсіз жеткізушілері; - MITWORK ЭТП жосықсыз жеткізушілерінің тізілімі; - ҚР Ұлттық Банкі мен оның ұйымдарының сатып алуларына жосықсыз қатысушылар.

14.3. Комплаенс-тексерудің теріс нәтижелері осы шартты бұзу үшін негіз болып табылады.

14.4. Өнім беруші оның акционерлерінің/құрылтайшыларының/қатысушыларының, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияларға ұшыраған адамдардың тізімінде болмауына және оның сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды, терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, заңсыз қызметке қатыспайтындығына және қатыспайтындығына, сондай-ақ осы Ереженің 14.2-тармағында көрсетілген өзге де жағымсыз жайттардың болмауына кепілдік береді Өнім берушінің және/немесе Тапсырыс берушінің беделіне теріс әсер етуі мүмкін шарттар.

14.5. Орындаушы 14.4-тармақта көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, және / немесе осы Шарттың 14.3-тармағында көзделген жағдайлар басталған кезде Тапсырыс беруші осы Шарттың 8-бөліміне сәйкес осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

#### 15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

15.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде деректемелер мен төлем деректемелері туралы ақпаратты қоса алғанда, онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін банктің контрагенттерін деректерді берудің қауіпсіз каналы арқылы байланыс арналарының қажетті хаттамаларын қолдана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық-талдамалық жүйесіне жіберу арқылы жария етуге құқылы екеніне келіседі.

#### 16. Санкциялық ескерту

16.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Өнім берушінің кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Өнім беруші:

(а) Өнім беруші де, оның үлестес тұлғалары да, Өнім берушінің барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді.

Өнім берушінің Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды;

(б) Өнім беруші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Өнім берушінің шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және







корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан.

